

МРНТИ 17.09.91

**А.А. Жалмырза**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*  
*(E-mail: [aidynasylbek@hotmail.com](mailto:aidynasylbek@hotmail.com))*

### **Түркістан әдебиеті және оның өкілдері**

**Аннотация.** Осы уақытқа дейін «Тұтас Түркістан» тақырыбы қазақ әдебиеттануында тек әдеби аспектіде қатысты шығармаларға шолу жасалғаны болмаса, түркітану ғылымында арнайы зерттеу нысаны болған емес. Сондықтан аталмыш проблеманы түркітану ғылымы аясында кешенді түрде зерттеу түркілік дүниетаным, ұлттық идеология саласында жаңаша теориялық көзқарастарды жасауға, сондай-ақ іргелес гуманитарлық ғылымдарды дамытуға мүмкіндіктер береді. «Тұтас Түркістан» идеясы тек әдеби шығармаларға ғана арқау болып қоймай, түркі дүниесінің отаршылдыққа қарсы саяси, қоғамдық, әлеуметтік барлық сипаттағы күресінде басшылыққа алынды. Сондықтан да тақырыпты зерттеу жалпы рухани дамудың ішкі байланысы мен табиғи өзара сіңісуді кешенді пәнаралық талдауды қажет етеді. Атап айтқанда, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының мұрасын сан алуан және ортақ заңдылықтары бар дүниежүзілік отаршылдыққа қарсы әдебиет аясында зерттеу де ғылыми назардан тыс қалып келеді. Ал барлық туыс түркі халықтарын отаршылдыққа қарсы жұмылдырған идеологияны әдеби, тарихи және тілдік аспекті тұтас қарастыру - ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы ғылымның сұранысына сай деп білеміз. Сондай-ақ идеялық-шығармашылық, тарихи және тілдік қатпарларды талдау қазіргі түркітану ғылымының теориялық негізін жаңалауда, сонымен қатар қоғамның зияткерлік санасын жаңғыртуда зор көкжиектер ашады және іргелі әрі қолданбалы маңызға ие болады. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық сананы жаңғыртуда, рухани байланыстарды, мәдениеттер сұхбатын ілгерілетуде үлкен маңызға ие.

**Түйін сөздер:** «Тұтас Түркістан», түркі халықтарының бірлігі, отаршылдыққа қарсы күрес, түркітану, ортақ тіл, дүниетанымдық құндылықтар, жәдитшілдік, түрікшілдік.

DOI: 10.32523/2616-6887-2018-124-3-106-114

**Кіріспе.** 19 маусым ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Оңтүстік Қазақстанның орталығын Түркістанға ауыстыру туралы Жарлыққа қол қойды, аймақтың аты Түркістан болып өзгерді. Бұл жаңалықты барша халық ерекше қуанышпен қабылдады. Түріктердің отаны дегенді білдіретін Тұран мен Түркістан Түрік Дүниесі үшін өте қасиетті ұғымдар. Түріктерге тиесілі территорияны анықтайтын Түркістан әуелде Тұран деп аталған екен. Арабтандыру саясатымен Тұран атауының Түркістан атауымен аламастырылғандығы туралы деректер бар. Бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүрген түрік тайпалық одақтары немесе түрік тектес халықтың ешбірі өздері құрған мемлекеттеріне Түркістан атын бермесе де, Түркістан термині оларды топтастыратын тұғыр ұғымында түсінілді. Осылай «Тұтас Түркістан» идеологиясы пайда болды. Түркістан идеологиясының негізгі мағынасы түрік халықтарын біріктіретін қасиетті ұғымда жатыр. Біз Түркістан ұғымын тұжырымдық кеңістікпен түсіндірер болсақ, ойымыз белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің мына бір пікірімен үйлеседі: «Тұтас Түркістан идеологиясы түрік халықтарымен бірге өмірге келіп, замандар тезінен өтіп, олар үшін түрлі тарихи ауыр кезеңдерде қорғаныс иммунитеті міндетін атқарған аса маңызды фактор болып келеді», яғни Тұтас Түркістан идеологиясының белгілі авторы жоқ, идея түрік болып тарихта белгілі болғаннан бері сол халықпен бірге оның жүрегінде пайда болған, талай ғасырлыр бойы дамып, жаңғырып, жаңарып келеді. Сонымен, Түркістан – түрік халықтарының тұтастығын көрсететін географиялық, этникалық, мәдени және саяси аймақ. Қашан да түрлі территориялық өзгерістерге қарамастан түрік халқы мекен еткен жерлер Түркістан атымен аталды. Түркістан – әлемнің төрттен бір бөлігін жайлаған

түріктердің орталығы. Барлық түріктер туған жері Түркістан арқылы байланысып отырады. Түркістан термині тұтастырушы мағына үстеуіне дейін талай ғасырларды өткерді, мұндағы біріктіруші мағына түрік түбірінен өрбіп отыр. түрік түркі болғалы тәуелсіз де тұрақты ел болу үшін тұтастықты ту етіп келеді.

XX ғасыр басында түрік зиялылары отаршылдарға қарсы қорғаныс күші ретінде Түркістан терминін қайта жандандыра түсті, яғни Түркістан идеологиясы тұтас отарға айналған түріктердің ортақ ұлттық мүдделерін қорғау жолында шыңдалды. Дербестікке ұмтылған түрік халқы бостандыққа жету үшін бірігуді қажетсінді. Түрік халықтары сол кездің шындығына сай жеке-жеке мемлекет құруға талпынса да, “Тұтас Түркістан» мұраты барлық түріктер үшін ортақ ұстаным болып қала берді. Мұны олардың шығармаларынан, қоғамдық жұмыстарынан және саяси әрекеттерінен көреміз. Мысалы, түрік зиялылары Түркістан жерінде «Садои Туркистон» (Түркістан үні), «Улуғ Туркистон» (Ұлы Түркістан) атымен газеттер басса, Түркияда «Иени Түркістан» газеті мен «Туркистан Сеси» (Түкістан даусы), «Хүр Түркистан ичин» (Азат Түркістан үшін), «Туркистан» атты журналдар, ал Германияда «Яш Түркістан», «Милли Туркистон», «Иени Туркистон» атауымен журналдар шығарды. Түркістан Әлем әдебиетінде Орта Азия атымен танылса да, ұлт зиялылары бұл бұрмалауға бейім болмай Отанын Түркістан, өздерін түркістандықтар ретінде танытып отырды.

Түркістан атауы түрік текті халықтарды біріктіретін күш болғандықтан, оның мағынасы Патшалық Ресей және оның жаулау саясатын жалғастырған Кеңестік отаршылдар тарапынан бұрмаланды, кішірейтілді, тіпті айтудың өзіне тыйым салынды. Түркістан атын ұмыттыру мақсатында және сол арқылы ұлттың тарихын, ұлттық құндылықтарын танытпай, орыстандыру саясатын оңай жүргізу үшін Түркістан сөзіне ресми тыйым салынып, оның орнына Орта Азия және Қазақстан атауы қолданылды. Автономиялық сипаттағы ұлттық мемлекеттерді құлатқаннан кейін Түркістан жерінің әуелде Батыс бөлігі саналған (Батыс Түркістан), кейін тар мағынада Түркістан (Орта Азия) болып кішірейтілген Түркістанның орнына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстан деп аталатын бес Кеңестік мемлекетті жасап алды. Бүгінгі әлемдік ғылыми айналымда бұл бес дербес республикалардың қосынды атауы Орта Азия болып танылуда.

Түркістан атауы әуелгі Түркістан генерал-губернаторлығы, кейінгі Түркістан мұхтарияты, Түркістан Республикасының балама аты ретінде қарастырылып келді. Кеңес үкіметі орныққаннан кейін пайда болған осы сияқты түсінік және жалпы әлемдік айналымға шыққан аталымда Түркістан мағынасы ұсақтала берді. Өйткені отаршылдар түріктердің қасиетті ұғымы болған «Түркістан» терминінің геосаяси да, этникалық та мағынасының тарылуы арнайы заңнамалық стратегиясын жасап еді. «Түркістан» және «Түрік Республикасы» сөздерін қолданыстан алып тастау туралы қаулы 1924 жылдың маусымынан бастап күшіне енді, оның орнына әлемдік ғылымда Моғолстан және Тибет аймақтары үшін қолданылған Орта Азия сөзін енгізді. Тіпті әлемдік танымда кешегі күнге дейін Оңтүстік Қазақстан облысы аталып келген аймақтағы Ясауи кесенесі орналасқан кіші қала ретінде тану қалыптасып кетті. Бұдан отаршылдық саясат амалының жүзеге асқандығын мойындамай болмас. Шынында да Түркістан атауының мағынасы, отаршылдар жоспарлағандай, әлдеқайда кішірейтілді, бірақ олар ойластырғандай жойылып кеткен жоқ.

**Мақсаты:**

Түркістан әдебиеті және оның өкілдері туралы ғылыми ақпарат беру.

**Негізгі міндеттер:**

1 Әдеби таным аясында Түркістан сөзінің мағынасын анықтау;

2 Түркістан әдебиеті өкілдері туралы ғылыми ақпарат беру.

**Зерттеу әдістері.** Мақалада әдеби үдерісті зерттеуге басымдылық бере отырып, тарихи-салыстырмалы, функционалдық және типологиялық зерттеу әдістері қолданылды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Түркістан сөзінің энтропиялық мағынасының ауысуынан

әлі күнге дейін өз мағынасында түсінілмей және түсіндірілмей келуде. Түркістанның негізгі мағынасы түрік халықтарын біріктіруші қасиетті ұғымда жатыр. Осы аталымның тарихи мәнін ашу үшін әуелі ұлттық энциклопедиямызға жүгінсек: «Түркістан – тарихи-географиялық ұғым. Ол ұзақ уақыт бойы Орта және Орталық Азияның негізінен түрік халықтары (автор түрік деп қолданған) мекендеген аймақтарды анықтау үшін қолданылды» -деген сипаттаманы оқимыз [1]. Түркістан аталымы Түрік түбіріне -стан деген парсы қосымшасының жалғануынан пайда болған сөз, мағынасы – Түрік елі, мекені, жұрты, жері дегенді білдіреді [2, 23 бет]. Түркістан тарихын зерттеуге үлкен үлес қосқан тарихшы Баймырза Хайыт Түркістан атауының тарих жазбаларында алғаш “Түркістанак” атымен сонау сақтар кезінен кездесетінін ескертсе [3] (б.з.б. VIII-III ғғ.), Түркістан азаттық күресінің жетекшісі Мұстафа Шоқай түріктер еліне Түркістан атауын III-VII ғасырлар Сасанидтер әулеті кезіндегі ирандықтардың бергендігін, территориясының Қытай шекарасынан Персия мен Византия, солтүстігінде Амудариядан Индке дейін, батысында Орал өзенінен әрі төңкеріліп жатқандығын жазды [4, 49 бет] Тарихтың әр кезеңінде түрік мемлекеттерінің саяси және географиялық жағдайларына байланысты Түркістан аймағының аумағы да, шекаралары да өзгеріп отырды. Мысалы, көне қытай деректерінде Каспий теңізінен Күһи-Нұрға дейінгі көшпелі ұланғайыр жер белгіленсе, Махмұт Қашқари «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде: «...Қазір бүкіл Түрік елінің шекарасы Абисқун теңізінен айналып, Рұм елі мен Өзкенттен Шыңға дейін созылады», -деп [5, 17 бет], Қытайдан Каспийге, Византиядан Ресейге дейінгі топырақ Түркістан жеріне тиесілі екендігін жазған.

Түркістандық мұғажыр тарихшы Абдуллах Режеб Байсұн “Түркістан Милли Харекетлери” атты еңбегінде Түркістан даласын 5 200 000 километрге дейін созылтып, солтүстігінде Сібірмен, оңтүстігінде Үндістанмен, шығысында Қытаймен, ал батысында Каспий теңізімен шекараласатынын және халық санының 38 миллион асатындығын көрсетсе [6, 7 бет], белгілі түріктанушы В.В.Бартольд та саяси және этнографиялық жағынан Түркістанды батысында Орал, Каспийден басталып, шығысында Алтайға тіреледі, оңтүстігінде парсы елі мен ауған жерінен басталып, солтүстігінде Тобыл, Том губернияларына жетеді деп анықтап, Еуропаның үштен бір бөлігінен көлемділігін ерекше атаған [7, 510 бет] Белгілі тарихшы профессор Мәмбет Қойгелдиев батысында Орал тауының оңтүстік беткейі, Жайық, Орал өзені, Еділдің теңізге құяр сағасы, Каспий теңізі, солтүстігінде Ертіс өзені, шығысында Шығыс Түркістанның шығыс шегі, оңтүстігінде Хорасан және Копетдаг тауларының аралығын қамтиды дейді [8, 7 бет] Байқауымызша, Қойгелдиев Түркістан тарихын зерттеуші ғалым Зеки Уәлиди Тоғанның тұжырымдарын негізге алғанға ұқсайды. З.У. Тоған: «Географиялық, этнографиялық және тарихи мағынасында Түркістан оңтүстігінде Гүргән өзені, Хорасан таулары мен Күпет тауы, Куһи Баба, Мездуран, көне гректердің Паропамис деген Топчак пен Ақ Тау (Коһи Сефид), Хиндигус сырты, Мұзтау бөктері, шығысында Шығыс Түркістанның шығыс шектері, солтүстігінде Жоңғария мен Қазақстанның солтүстік шекарасы болған Ертіс бассейні және Арал-Ертіс су алмасу арнасының теріскей жағасы, батысында Орал тауы, Жайық өзені, Еділдің теңізге құяр сағасы және Каспий теңізімен шектеседі. Осындай көлемді өлкенің Ауғанстан жеріндегі «Ауғанстан Түркістанын» және Иранның Астарабат пен Дерезгиз аудандарында орын алған «Иран Түркістанын» есептемегенде жалпы жер көлемі 5 340 066 километрді құрайды» деп жазды [9, 1 бет]

Аталған пікірлерге сүйене отырып, Түркістанның геосаяси территориясын, әр кезеңдегі түрлі ауытқуларға қарамастан, Хазар теңізі (Каспий), Ресей (Орынбор мен Омбыны қамтиды), Қытай (Шығыс Түркістан аталынып кеткен Шыңжаң өңірі де кірген) мен Ауғанстан аралығындағы түріктердің мекен еткен көлемді жерді қамтиды деп белгілей аламыз.

Манаш Қозыбаев: «Еуразияның батыс-орталық бөлігін жайлаған елді ежелден Тұран, не болмаса Түркістан – түрік (автор түрік деп қолданған) халқының елі дегені белгілі» [10]

деп жазды. Тарихшының бұл тұжырымы тарих шындығымен таласуға болмайды дегендей. Сөз ретінде Тұран мен Түркістан сөздерінің арақатынасын да айта өткен жөн. Барша түрік ұлыстарының өлкесі саналған Түркістан әуелде Тұран деп аталған екен. Араб халифатының әскери қолбасшысы Кутайба ибн Муслимнің басшылығымен Тұран өлкесі 705-715 жылдары жаулап алынады да, Тұран атауы Түркістан атауымен аламастырылады. Тұранның тарихи атауы осылай тарихтан өшеді [11, 176 бет] Тұранның Түркістан болып өзгертілуін ғалым М. Мырзахметұлы да растайды: «Арабтар Тұран деген атаудан аза бойы қаза тұруы себепті, ол атауды Түркістан атауымен алмастырып жіберген болатын-ды [12, 93 бет] Сонымен Тұран атауынан Түркістан атына ауысқан елдің иесі сол баяғы түрік еді. Сондықтанда бұл өзгеріс түріктердің танымына жақын болып, әлемдік аталымға тез сіңіп кетті. Мұндағы Түркістан түріктің елі дегенді білдіретініне еш күмән жоқ. Сондықтан да түріктердің түрлі атаудағы мемлекеттер құруына қарамастан, бұл атау Тұран атымен қатар қолданылып келе берді. Бірақ ұлттық межелеуден кейін қатаң тиым салынған Түркістан атауының Орта Азия немесе Орталық Азияға ауыстырылуын бұл жаймен тең қарауға болмайды. Себебі орыс отаршылдығы түріктердің әр қайсысынан жеке-жеке ұлт жасап, оларды бір-бірінен алыстату мен бөліп-жіктеу әрекетін әуелі Түркістан атауын ұмыттырмақтан бастады. Ұлттық құндылықтардың түбіне балта шабу саясатының салдарынан көнеден Түркістан болып қалыптасқан түрік жері осылай Орта Азия болып өзгертіліп кете берді.

Тарихшы Берекет Кәрібай түрлі тарихи деректерге сүйене отырып, Түркістан атауының мынадай үш мәнін анықтап көрсетеді:

1. VIII-XII ғасырларда түрік тілдес тайпалардың мекен еткен жалпы аймағы;
2. XIV-XVI ғасырлардағы Сырдария өзенінің бойындағы жерлер;
3. XVIII ғасырдан бастап Сыр бойындағы Иассы қаласының жаңа атауы [13]

Әрине мұнда автордың мәселеге қай қырынан қарауы мен пайымының сүйенер негіздері бар. Байқасаңыз, Түркістан атымен аталынған мекен ғасырдан ғасырға тарайып, мағынасы да кішірейіп келді. Мұның мәнін мына бір үзінді түсіндіріп бере алады: «Отарлау, өз табиғаты тұрғысында алғанда, - жай оқиға емес, күрделі процесс. Бір сөзбен айтқанда, оның нәтижесінде жаңа география жасалады» [14, 3 бет] Мәселе жаңа жағрафияны кім және қандай мақсатта жасағандығында жатыр.

Түркістанның жағрафиясы жайлы тарихшы ғалымдардың пікірлерін көптеп келтіре беруге болады, мысалы Ордалы Қоңыратбаев пікірінше Түркістан термині «... 1918-1924 жылдары өмір сүрген, құрамына қазіргі Орта Азияның Бұқара мен Хорезм жерлерінен басқа аумағы және Қазақстанның оңтүстік бөлігі кірген Түркістан АКСР-інің балама атауы» болып бір өлкенің аймағы мағынасына дейін кішірейген [15].

Өзбекстандық ғалымдардың дені Түркістан терминін әуелгі Түркістан генерал-губернаторлығы, кейінгі Түркістан Мұхтарияты, Түркістан Республикасының балама аты ретінде қарастырады [16]. Кеңес үкіметі орныққаннан кейін пайда болған осы сияқты түсінік және жалпы әлемдік айналымға шыққан аталымда Түркістан мағынасы кішірейген сайын кішірейе берді. Өйткені Ресейдің отаршыл саясаты түріктердің қасиетті ұғымы болған Түркістан терминінің геосаяси мағынасының да, этникалық мағынасының да тараюының, нәтижесінде жойылуының арнайы заңнамалық стратегиясын жасап еді. «Түркістан» және «Түрік Республикасы» сөздерін қолданыстан алып тастау туралы қаулы 1924 жылдың маусымынан бастап күшіне енді, оның орнына әлемдік ғылымда Моғолстан және Тибет аймақтары үшін қолданылған Орта Азия сөзін енгізді. Осыдан бастап Түркістан түсінігі ұсақтала берді, тіпті қазіргі күнде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ясауи кесенесі орналасқан кіші қала ретінде танылуда. Отаршылдық саясаттың амалға асқандығын мойындамай болмас. Шынында да Түркістан атауының мағынасы отаршылдар жоспарлағандай әлдеқайда кішірейтілді, бірақ олар ойластырғандай жойылып кеткен жоқ.

Патшалық Ресейдің жаулау саясатын жалғастырған Кеңестік отарлаушылар да Түркістан атын ұмыттыру мақсатында және бұл арқылы ұлттың тарихын ұмыттырып, ұлттық құндылықтарын танытпай, орыстандыру саясатын оңай жүргізу үшін Түркістан терминінің орнына Орта Азия және Қазақстан атауын қолданды, Түркістан терминіне ресми тыйым салды. Ұлттық мемлекеттерді құлатқаннан кейін Түркістан жерінің әуелде Батыс бөлігі саналған (Батыс Түркістан), кейін тар мағынада Түркістан (Орта Азия) болып кішірейтілген Түркістанның орнына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстан атында бес кеңестік мемлекетті жасап алды. Бүгінгі әлемдік ғылыми айналымда бұл бес дербес тәуелсіз республикалардың қосынды атау Орта Азия болып танылуда.

XX ғасыр басында түрік халқының зиялылары отаршылдарға қарсы қорғаныс күші ретінде Түркістан терминін қайта жандандыра түсті, яғни Түркістан идеологиясы тұтас отарға айналған түріктердің ортақ ұлттық мүдделерін қорғау мақсатында шындалды. Дербестікке ұмтылған түрік халқы бостандыққа жету үшін бірігуді қажетсінді. Бұл бірігу аңсары «Тұтас Түркістан» мұратына түрткі болды. Түрік ұлттары сол кездің шындығына сай жеке-жеке мемлекет құруға талпынса да, «Тұтас Түркістан» мұраты барлық түріктер үшін ортақ ұстаным болып қала берді. Мұны олардың шығармаларынан, қоғамдық жұмыстарынан және саяси әрекеттерінен көреміз. Мысалы, түрік зиялылары Түркістан жерінде «Садои Туркистон» (Түркістан үні), «Улуғ Туркистон» (Ұлы Түркістан) атымен газеттер басса, Түркияда «Йени Түркістан» газеті мен «Туркистан Сеси» (Түркістан даусы), «Хүр Туркистан ичин» (Азат Түркістан үшін), «Туркистан» атты журналдар, ал Германияда «Яш Түркістан», «Милли Туркистон» атауымен журналдар шығарды. Түркістан Әлем әдебиетінде Орта Азия атымен танылса да, ұлт зиялылары бұл бұрмалауға бейім болмай Отанын Түркістан, өздерін түркістандықтар ретінде танытып отырды. Сондықтан да XX ғасыр басындағы ұлттың азаттығы үшін күрескен тұлғаларды, олардың өздері танытқандай, Түркістан зиялылары, ал олардың туғызған бай мұраларын Түркістан әдебиеті ретінде тануымыз керек.

Азаттық күресті шетелдерде жалғастырып, Түркістанның мұғажыр әдебиетін қалыптастырған –Мұстафа Шоқай, Зеки Уәлиди Тоған, Осман Хожа, Мехмет Казым, Әбдүлқадыр Инан, Әбдүлуақап Оқтай, Тахир Чағатай, Ахмет Наим сынды азаматтарымыз Түркістан терминін қалай түсінді деп, мақалаларына жүгінсек, оларда бір ғана ортақ ой болғанын аңғарамыз. Олардың пайымынша, Түркістан жоғрафиясы Шығыс және Батыс Түркістан деп танылған бөлікпен бірге Қазақстан, Түрікменстан жерлеріне созылып жатыр.

Біз Түркістан ұғымын тұжырымдық кеңістікпен түсіндірер болсақ, ойымыз белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің мына бір пікірімен үйлеседі: «Тұтас Түркістан идеологиясы түрік (түркі) халықтарымен бірге өмірге келіп, замандар тезінен өтіп, олар үшін түрлі тарихи ауыр кезеңдерде қорғаныс иммунитеті міндетін атқарған аса маңызды фактор болып келеді» [17, 320 бет]. Яғни Тұтас Түркістан идеологиясының белгілі авторы жоқ, идея түрік болып тарихта белгілі болғаннан бері сол халықпен бірге халық жүрегінде пайда болған, талай ғасырлыр бойы дамып, жаңғырып, жаңарып келеді.

Түркістан әлемнің төрттен бір бөлігін жайлаған түрік нәсілдерінің ұлан ғайыр жерінің орталығы. Барлық түріктер туған жері Түркістан арқылы байланысып отырады. Түркістан терминінің тұтастырушы мағына үстеуіне дейін талай ғасырларды өткерді, мұндағы біріктіруші мағына түрік түбірінен өрбіп отыр. Түрік түрік болғалы тәуелсіз де тұрақты ел болу үшін тұтастықты ту етті. Сонау қағанат болып, мемлекеттігін барша елге мойындатқан дәуірінің ескерткіштері құлпытастардағы жазулардың да өзегі түріктің бірлігі мен тұтастығын сақтау, татулыққа үндеу еді:

Көкте түрік тәңірісі,  
Түріктің қасиетті жері, суы былай депті:  
«Түрік халқы жойылмасын» - дейді,  
Ел болсын! – дейді [18, 47 бет].

Осы орайда М. Қойгелдиевтің «Тұтас Түркістан» мұратының пайда болуын хунн, үйсін және қаңлы дәуірінде пайда болғандығын айтып, ал тұтас бір концепция болып қалыптасуы алғаш Түрік қағанатының құрылуымен байланыстырғанына жүгіне отырып, ойымызды нақтылай түсеміз.

Ежелден Түркістан терминімен аталынып келген жердің отаршылық саясаты салдарынан Орта Азия немесе Орталық Азия болып өзгертілгені тарихи шындық. «Түркістан» өз мағынасында байырғы аймақ атауы ретінде әлі қайта қолданысқа түсе қоймағандай, «Түркістан әдебиеті» де Қазақстан, сондай-ақ басқа да елдерде бір мәдени-рухани кеңістік әдебиеті мағынасында түсінілмейді. Бұл ұғымды әлі күнге дейін өз мағынасында танымауымыз танымымызға сын болып келуде. Бұрмаланып келген тарихымызды қайта бағамдауда Түркістан аталымының терминдік, топонимдік маңыздылығына көз жұма қарасақ, ғылымымызға да, елдігімізге де үлкен сын болмақ.

**Қорытынды.** 1. Сонымен, Түркістан – түрік халықтарының тұтастығын көрсететін географиялық, этникалық, мәдени және саяси аймақ. Түрлі территориялық өзгерістерге қарамастан түрік халқы мекен еткен жерлер Түркістан атымен аталды. Қошке Кемеңгерұлы тілімен айтар балсақ, «Түріктің алтын бесігі – Алтай, ер жетіп, өсіп өнген ордасы – Түркістан».

2. «Түркістан әдебиеті» деп бүгіндері Орталық Азия аймағы саналатын Қазақстан, Өзбекстан (ішіндегі Қарақалпақ автономиясымен қоса), Қырғызстан, Түрікменстан, түрік-шағатайды жатсынбаған Тәжікстан республикаларының және Қытайдың шеткі жері ретінде аталынып келе жатқан үш аймақ Шығыс Түркістанның, яғни шын мәніндегі Тұтас Түркістанның ежелден қалыптасқан ауыз әдебиеті мен қазіргі әдебиетіне дейінгі ұзын тарихы мен танымал тұлғалары бар ауқымды да күрделі, бай әрі кемелденген әдебиетін айтамыз. Еділ-Орал (татар), Башқұрт жұрты да өз халқын және әдебиетін Түркістаннан бөлек деп есептемеген. Осы аталған жағрафияның жеке-жеке ұлттық әдебиеті ретінде қалыптасқан Қазақ әдебиеті, Қырғыз әдебиеті т.б. іспетті сөз өнері Тұтас Түркістан әдебиетінің тармағы болып табылады. Мұны Тұтас Түркістан әдебиетін тамыры терең, биік бәйтерек десек, ұлттық әдебиеттерді оның бұтақтары ретінде түсіндіре аламыз.

3. Түркістан әдебиетінің өкілдері деп ауыз әдебиетінен кейінгі авторлық танылудан бастап, шамамен VI ғасырдан бүгінге дейінгі Хазар теңізі, Ресей, Қытай мен Ауғанстан аралығындағы түріктердің мекен еткен көлемді жерінен шыққан жыраулар, сал-серілер мен ақын-жазушыларды атаймыз. Түрік халықтарының «Тұтас Түркістан» мұратын басты ұстаным еткен азатшыл ақын-жазушыларын Түркістан әдебиетінің өкілдері деп анықтаймыз.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы / Б. Аяған. – Алматы: Қазақ Энциклопедиясы Бас редакциясы, 2006. -704 б.
2. Nayit, Baymirza Türkistan terimi üzerine//Türk Dünyası Araştırmaları. Nisan.- 1988. - №4.- P.14-30.
3. Franz von Schwarz Turkestan die Wiege der Indo-Germanischen Völker. Freiburg, 1900 // Nayit B. Türkistan terimi üzerine. Türk Dünyası Araştırmaları. Nisan.-1988. - №4-P. 14-30.
4. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. / М.Шоқай. - Алматы: Жалын, 1992. -184 б.
5. Түрік сөздігі. Үш томдық / Махмұт Қашқари; аударған, алғысөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, баспаға дайындаған А.К. Егеубай. – Алматы: Хант, 1998. – 600 б.
6. Baysun A. R. Türkistan Milli Hareketleri / A. R. Baysun. – İstanbul: Matbaa,1943. -145 p.
7. Бартольд В. В. Состояние и задачи изучения истории Туркестана / В.В. Бартольд. – Москва : Наука, 1977. Т. IX. -400 с.
8. Қойгелдиев М.Қ. Тұтас Түркістан идеологиясы және Мұстафа Шоқайұлы/ М.Қ. Қойгелдиев. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 53 б.

9. Togan Z. V. Bүgүnkү Türkili (Türkistan) ve yakın tarihi. Cilt. Batı ve Kuzey Türkistan. 2 Baskı / Z. V. Togan. – İstanbul: Matbaa, 1981. – 696 p.
10. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт / М. Қозыбаев. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. -369 б.
11. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан / Б. Қанарбаева. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 230 б.
12. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? / М. Мырзахметов. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1993. - 128 б.
13. Кәрібай Б. Түркістан және қазақ хандығы / Б. Кәрібай. – Алматы: Ғылым, 1999. -64 б.
14. Meinig D. In the Margins of the Good Earth; the South Australian Wheat Frontier 1869-1884 / Monograph Series of the Association of American Geographers. N2. - Chicago: Rand McNally and Company, 1962. - 140-156 p.
15. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі / О. Қоңыратбаев. – Алматы: Қазақстан, 1994. -448 б.
16. Абдуллаев Р.М., Агзамходжаев С.С., Алимов И.А. Туркестан в начале XX век: К истории истоков национальной независимости / Коллектив авт.: Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. – Ташкент: Шарк, 2000. -672 с.
17. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеологиясы және М. Шоқайұлы / Türkistanda Yenilik Hareketleri ve İhtilaller: 1900-1924. Osman Noca Anısına İncelemeler. SOTA. – Haarlem: TİUV, 2001. -500 p.
18. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштері / М. Жолдасбеков. – Астана: Фолиант, 2001. – 172 б.

**А.А. Жалмырза**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

### **Туркестанская литература и представители**

**Аннотация.** До этого времени тема «Единый Туркестан» в казахском литературоведении исследовалась только в литературном аспекте, не было исследований данного вопроса с точки зрения тюркологической науки. Комплексное исследование вышеупомянутой проблемы в рамках тюркологии дает возможность сделать новый теоретический взгляд в отрасли тюркского мировоззрения, национальной идеологии, а также развить смежные гуманитарные науки. Идея «Единый Туркестан» будет не только опорой для литературных произведений, но и будет руководить во всех формах политической, общественной, социальной борьбы против колониализма тюркского мира. Поэтому исследование темы нуждается в комплексном междисциплинарном анализе внутренней связи общего духовного развития и природного взаимопроникновения. В частности, наследие казахского национально-освободительного движения осталось вне поля научного зрения и исследования в рамках мировой литературы против колониализма, у которого есть разнообразные и общие законы.

Полное изыскание идеологии, нацеленной против колониализма в литературном, историческом и языковом аспектах всего родственного тюркского народа – соответствует спросу науки о национальном сознании XXI века. А также, анализ идеологическо-творческих, исторических и языковых слоев обновляет теоритическую основу сегодняшней науки по тюркологии, вместе с этим открывает большие горизонты в модернизации интеллектуального сознания общества и овладевает фундаментальными и прикладными значениями. Исследования в этом напралении имеют большое значение в модернизации национального сознания, духовной связи, продвижении культурных переговорах.

**Ключевые слова:** «Единый Туркестан», единство тюркских народов, антиколониальная борьба, тюркология, культурные ценности, тюркская общность.

**A.A. Zhalmyrza**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

### **Turkestan literature and its representatives**

**Abstract.** The theme “Unified Turkistan” was researched in Kazakh literature only in the literary aspect until now, there weren’t any studies at this issue from the point of view of Turkic science. A comprehensive study of the aforementioned problem within the framework of Turkic studies makes it possible to make a new theoretical look in the branches of the Turkic worldview, national ideology and develop related humanities. The idea of “Unified Turkistan” will not only support the literary works, but will also lead in all forms of political, social, social struggle against the colonialism of the Turkic world. Therefore, the study of the topic requires a complex interdisciplinary analysis of the internal connection between the overall spiritual development and natural interpenetration. In particular, the legacy of the Kazakh national liberation movement remained outside the field of scientific vision and research within the world literature against colonialism, which has various and general laws.

The complete search for ideology aimed against colonialism in the literary, historical and linguistic aspects of the entire related Turkic people corresponds to the demand of the science of the national consciousness of the 21<sup>st</sup> century. And also, the analysis of ideological-creative, historical and linguistic layers renews the theoretical foundation of today’s science of Turkic studies, and at the same time opens up great horizons in the modernization of the intellectual consciousness of society and seizes fundamental and applied values. Studies in this direction have a great importance in the modernization of national consciousness, spiritual communication and promotion of cultural negotiations.

**Keywords:** «Unified Turkistan», solidarity of Turkic peoples, struggle against the colonization, Turkic studies, common language, worldview values, Turkism.

### **References**

1. Qazaqstan Ultyq Jenciklopedijasy [National Encyclopedia of Kazakhstan] (Qazaq Jenciklopedijasy Bas redakcijasy, Almaty, 2006).
2. Hayit, Baymirza Türkistan terimi üzerine [On Turkestan intervention], Türk Dünyası Araştırmaları [Turkish World Research], **4**, 14-30 (1988). [in Turkish]
3. Franz von Schwarz Turkestan die Wiege der Indo-Germanischen Völker. Freiburg, 1900, Hayit, Baymirza Türkistan terimi üzerine [On Turkestan intervention], Türk Dünyası Araştırmaları [Turkish World Research], **4**, 14-30 (1988) .
4. Shoqaj M. Turkistannyn qily tagdyry [Destiny of Turkestan] (Zhalyn, Almaty, 1992).
5. Turik sozdigi [Turkish dictionary] translated by A.K. Egeubaj (Hant, Almaty, 1998).
6. Baysun A. R. Türkistan Milli Hareketleri [Turkestan National Movements ] (Matbaa, İstanbul, 1943).
7. Bartol’d V. V. Sostojanie i zadachi izuchenija istorii Turkestana [The state and tasks of studying the history of Turkestan] (Nauka, Moscow, 1977).
8. Qojgeldiev M.Q. Tutas Turkistan ideologijasy zhane Mustafa Shoqajuly [Turkestan ideology and Mustafa Shokay] (Qazaq universiteti, Almaty, 1997).
9. Togan Z. V. Bügünkü Türkili (Türkistan) ve yakın tarihi. Cilt. Batı ve Kuzey Türkistan [Turkic (Turkistan) and recent history. West and North Turkestan] (Matbaa, İstanbul, 1981).
10. Qozybaev M. Orkeniet zhane ult [Civilizations and nationalities] (Sozdik-Slovar’, Almaty, 2001).
11. Qanarbaeva B. Zhyrymen zhurtyyn ojatqan [Woke up the nation with poetry] (Ana tili, Almaty, 1998).
12. Myrzahmetov M. Qazaq qalaj orystandyryldy? [How did the Kazakhs assimilate Russians?] (Atamura – Qazaqstan, Almaty, 1993).
13. Karibaj B. Turkistan zhane qazaq handygy [Turkestan and Kazakh khanate] (Gylym, Almaty, 1999).
14. Meinig D. In the Margins of the Good Earth; the South Australian Wheat Frontier 1869-1884 / Monograph Series of the Association of American Geographers. N2( Chicago: Rand McNally and Company, 1962).



15. Qonyratbaev O. Turar Ryskulov Qogamdyq-sajasi zhane memlekettik qyzmeti. Turkistan kezeni [Turar Ryskulov: Public-political and public service. Turkestan period] (Qazaqstan, Almaty, 1994).

16. Abdullaev R. M., Agzamhodzhaev S. S., Alimov I. A. Turkestan v nachale XX vek: K istorii istokov nacional'noj nezavisimosti [Turkestan in the early twentieth century: the history of the sources of national independence] (Shark, Tashkent, 2000).

17. Qojgeldiev M. Tutas Turkistan ideologijasy zhane M. Shoqajuly [Turkestan ideology and M. Shoka] (TIUV, Haarlem, 2001).

18. Zholdasbekov M. Orhon eskertkishteri [Orkhon monuments] (Foliant, Astana, 2001).

***Автор туралы мәлімет:***

Жалмырза А.А. – филология ғылымдарының кандидаты, түркітану кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Сәтпаев көшесі 2, Астана, Қазақстан.

Zhalmyrza A.A. – Associate Professor, Department of Turkic Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str.2, Astana, Kazakhstan.